

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары Ұлттық Орталығы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 3 желтоқсан N 1678

Ел Президентінің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына жолдауындағы "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі және әл-ауқаты" ұзақ мерзімді басымдықты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары Ұлттық Орталығын (бұдан былай - Ұлттық Орталық) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық денсаулық орталығын қайта құру, сондай-ақ қосымшаға сәйкес облыстық және Алматы қалалық денсаулық орталықтары мен дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін функционалдық жағынан Ұлттық Орталыққа бағындыра отырып денсаулық сақтау ұйымдарының штаттарын беру жолымен құру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық Денсаулық орталығын қайта құру туралы ұсыныс енгізісін.

2. Ұлттық Орталық қызметінің мынандай негізгі бағыттары белгіленсін:

2030 жылға дейінгі елдің даму стратегиясы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жолдауының басым бағыттарына сәйкес республикалық және аймақтық халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әрекеттерің алдын алу және күресу, гигиеналық тәрбиелеу және қоршаған ортаны сауықтыру мақсатты бағдарламаларын ж а с а у ;

Салауатты өмір салтының әртүрлі аспектілері жөніндегі ғылыми-негізделген бағдарламаларды әзірлеу және енгізу бойынша министрліктермен, ведомстволармен, жергілікті атқару органдарымен, ұйымдармен және мекемелермен өзара әрекетте болу;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, сондай-ақ экономика, денсаулық сақтауды басқару және реформалау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары;

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың және денсаулық сақтауды ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша медициналық кадрларды дайындау және қ а й т а д а й ы н д а у ;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және принциптерін енгізу, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану, қатердің алдын-алу жөнінде халықпен, мектепке дейінгі

балалар және білім беру мекемелерімен, ұйымдар мен кәсіпорындардың ұжымдарымен
ж ұ м ы с і с т е у ;

халықтың әртүрлі санатын гигиеналық оқыту бағдарламасын дайындау;
Салауатты өмір салтын уағыздау, зиянды әдеттердің алдын алу және күресу
жөніндегі көпшілік-спорттық және мәдени шаралар өткізу;
бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс істеу және орталықтың негізгі міндеттерін
жүзеге асыру жөніндегі баспагерлік жұмыс.

3. Ұлттық Орталықтың қаржыландыру республикалық бюджеттің денсаулық сақтау
шығыстарына қарастырған қаражаттарының шегінде жасалсын.

4. Облыс, республикалық маңыздағы қалалар және астана әкімдері, Қазақстан
Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі жүргізіліп
жатқан денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің желісі мен құрылымын
оңтайландырудың есебінен салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары
жөніндегі аймақтық орталықтар құру мүмкіндіктерін қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық

сақтау министрлігі бір айлық мерзім ішінде Ұлттық Орталықтың Жарғысы
мен құрылымын бекітсін;

қайта құрылған бұрынғы Денсаулық сақтау министрлігінің ілгеріде
қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендірсін.

6. Ұлттық Орталықтың орналасқан жері: Алматы қаласы, Абылай хан
даңғылы, 63 және Д.Қонаев көшесі, 86 болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 желтоқсандағы
N 1678 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық
сақтау министрлігінің Салауатты өмір салтын қалыптастыру
проблемалары Ұлттық Орталығына штаттары берілетін
денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері	27 адам
2. ДДҰ орталығы	3 адам
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтаудың медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығы	7 адам
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Кардиология ғылыми-зерттеу институты	10 адам
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтаудың медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығының Баспа орталығы	3 адам
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Гигиена және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институты	5 адам
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты	5 адам
8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты	5 адам
9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы	7 адам
10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Радиациялық медицина ғылыми-зерттеу институты (Курчатов қаласы)	5 адам

Барлығы 77 адам

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК